

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Музыка аспаптары: Дауылпаз

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

- ішекті, үрмелі аспаптардан басқа ұрмалы аспаптар бар екенін біледі;
- үш тілдегі ерекшелік пен ұқсастықты түсінеді;
- ішекті, үрмеліден ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратады;
- дауылпазда басқа аспаптарда болмайтын бөліктерді табады;
- бояу үшін қажет қарындаштардың жететін, жетпейтіндігін нақтылап, тапсырманы орындайды;
- салыстырады, бағалайды.

Пәнаралық байланыс:

танымдық (*жаратылыстану, математика*)
шығармашылық (*музыка*)
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


Білім алушы игеретін білік-дағды:

- музыкалық аспаптар түрлерін ажырату дағдысы;
- үш тілдегі ерекшелік пен ұқсастықтың бар екенін түсіну дағдысы;
- салыстырып ұқсас, ұқсас еместі ажырату дағдысы;
- бөліктерге бөліп қарау дағдысын меңгереді;
- бояу үшін түстерді нақтылау, бояу алгоритмін, тапсырма орындау дағдысын иеленеді;
- бағалай білу білігін меңгереді.

ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ¹:

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)




¹ Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

Топқа сұрақ:	
Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс)	
	
Ішек аспаптарды жасыл, үрмелілерді қызыл ұрмалыны көк дөңгелекпен қорша.	
Ерекшелігін түсіндіріп әңгімелендер... (коммуникациялық дағды қалыптасады)	
МУЗЫКА АСПАПТАР – ДАУЫЛПАЗ (кітапшамен жұмыс)	
1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)	
2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған аспап атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз (танымдық дағды).	
3. Ерекшелігі:	
	Ішекті – ішекті соғу
	Үрмелі – үру
	Ұрмалы – ұру
4. Басқаларында болмайтын қандай бөлік бар? Тоқпақ (ағаш балға)	

Өздік жұмыс

5. Бояу қарындаштар бояуға жетеді (✓) жетпейді (✗) деген белгіні қой тапсырманы орында



6. Бағалау.



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.